



# АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№52  
(922)

Сәрсенбі, 30 желтоқсан 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

## Мерекелік құттықтаулар

### Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

#### Келе жатқан Жаңа жыл құтты болсын!

Жаңа жыл мейрамы – қуанышты қарбалас, туған-туысқандармен, достармен риясыз жүздесулер, шадыман үміт кезеңі. Біз өтіп бара жатқан жылды қорытындылап, болашаққа жоспар жасаймыз.

2015 жыл жарқын оқиғаларымен есте қалып, маңызды мемлекеттік жобалар мен бастамаларды жүзеге асырудың басы болды.

Аса маңызды саяси оқиға – Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өтті. Елбасының анық жеңісі – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа халықтың көрсеткен жоғары сенімінің нәтижесі.

Бұл жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан Конституциясының 20 жылдығы сияқты маңызды тарихи оқиғалармен де есте қалады.

Өтіп бара жатқан жылда мемлекетімізді одан әрі дамытудың ауқымды бағдарламалық құжаты – Бес институттық реформаның «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру қолға алынды.

2015 жылғы 30 қарашада Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев іс-қимылдың нақты жоспары, елдің дамуының айқын басымдықтары көрініс тапқан «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты жыл сайынғы Жолдауын Қазақстан халқына ұсынды.

Өтіп бара жатқан жыл Солтүстік Қазақстан облысы үшін серпінді де жемісті болды. Көздегендеріміздің көпшілігі жүзеге асырылды.

Аграршыларымыз мол астық жинап, Солтүстік Қазақстан облысының еліміздің негізгі астықты өңірі атануға құқығын тағы да дәлелдеді.

Жаңа балабақшалар мен мектептер, спорт нысандары ашылып, тұрғын үйлер пайдалануға берілді. Өңірімізде Назарбаев Зияткерлік мектебі ашылды, мұз айдыны және жеңіл атлетика манежі бар Спорт сарайы салынды, Петропавл қаласының әуежайы жаңғыртылды. Тұрғын үй-коммуналдық және жол-көлік инфрақұрылымдарын жаңғырту жөнінде көп жұмыс атқарылды. 2015 жылы өңірімізде жаңа кәсіпорындар пайда болды, жұмыс орындары құрылды.

#### Қымбатты жерлестер!

Барша солтүстікқазақстандықтардың еңбексүйгіштігі, жауапкершілігі мен туған өлкеге сүйіспеншілігі – облысымыздың барлық жетістіктерінің негізі.

Сіздерді Жаңа 2016 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Ол әр шаңыраққа бақыт, сәттілік, молшылық және құт-береке әкелсін!

Мейрамды туған-туысқандарыңыз бен жақындарыңыздың ортасында шат көңілмен қарсы алуларыңызға шын жүректен тілектеспін!

#### Жаңа жылмен!

Ерік СҰЛТАНОВ,  
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

### Құрметті айыртаулықтар!



Сіздерді әрбір адамның тағдырында жаңа белес әкелетін, бақытты күндер, табыстар мен жетістіктерге үміт беретін, әлемдегі ең ғажайып мереке - Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Аяқталуына жақындап келген 2015 жыл бойы жоспарланғаны мен үміт артқандардың көбі жүзеге асырылып, нәтижелі болды. Мерейлі белестер жылы, баршамыз үшін ерекше әрі атаулы болып есте қалады. Биыл Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өтіп, Елбасы барша халықтың қолдауымен жеңіске жетті. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы

Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы аясында ауданымызда көптеген мәдени, қайырымдылық іс-шаралар өткізілді.

Өткен жыл қиын болса да, біз даму жолындағы оң нәтижелерге қол жеткіздік.

Елбасының «Қазақстан жаңа нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген алдыналу шараларының арқасында дағдарыстың отандық экономикаға тигізер ықпалын төмендетіп, экономика көрсеткіштері жақсартылды. Еңбек нарығындағы жағдай тұрақтанып, жыл бойы елді мекендерді көркейту бойынша біраз жұмыстар, білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау мекемелерінің күрделі жөндеулері жүргізілді.

Кәсіпкерліктің жаңа нысандары ашылып, жұмыс істейтін кәсіпорындар кеңейтілді және жаңартылды, туристік нысандардың саны ұлғайып, қызмет көрсету саласы жақсарды.

Осы жетістіктерге барлық айыртаулықтардың қажырлы еңбегі арқасында қол жеткізілді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өтетін жаңа жыл сіздерге мол табыстар ала келсін! Зор денсаулық, қуаныш пен шаттыққа толы ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке, ашық аспан, шуақты күндер тілеймін!

#### Жаңа жыл құтты болсын, қымбатты жерлестер!

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,  
Айыртау ауданының әкімі.

### Құрметті Саумалкөл ауылының тұрғындары мен қонақтары!

31 желтоқсан күні сағат 20.00-де Саумалкөл ауылының орталығында Жаңа 2016 жылды қарсы алуға арналған мерекелік іс шаралар өтеді.

**Бағдарламада:** аудан әкімінің мерекелік құттықтауы, көркемөнерпаздар концерті, спорттық іс шаралар, халықтық қыдырулар.

Сағат 20.30-да мерекелік отшашу. Келем деушілердің барлығын шақырамыз!

Ұйымдастыру комитеті.

## Біздің сұхбат

### Жаңа уақыт жаңа міндеттер жүктейді



**Біз жыл сайын Жаңа жыл қарсаңында дәстүрлі түрде оқырмандарымызға арнап аудан әкімі Ағзам Тастеміровпен жүргізген сұхбатымызды ұсынамыз.**

**- Құрметті Ағзам Ахметжанұлы, күнтізбемізде 2015 жылдың соңғы санаулы күндері өтуде. Осы жылдың қорытындысын шығарып, атқарылған жұмыстарды өзіндік сараптап, болашаққа жоспар құратын кез келді. Ауданымыздың биылғы жылғы қандай жетістігін ең маңызды деп атар едіңіз?**

- Расында да, жыл соңына таяп қалды. 2015 жыл қай жағынан алып қарасақ та, бізге оңай болмады, қиын жағдайда күзгі егін-жайды жинау жүргізілді, десек те ауданымызда әр түрлі салаларда даму динамикасы сезіледі. Ауыл шаруашылығы аудан экономикасының негізгі секторы болып табылады. Биылғы жылы қаңтар мен қараша айларындағы жалпы өнім көлемі 28 356,2 млн. теңгені құрады, өткен жылдармен салыстырғанда 102 %-ға артқан. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің машина-трактор паркі үнемі нығайтылып, жаңартылып отырылады, биылғы жылы 826,6 млн. теңгеге 119 жаңа техникалық бірлікпен



толықтырылды. Ет, сүт, жұмыртқа өндірісі ұлғайды. Аудан тұрғындары мемлекеттік мал шаруашылығын дамыту бағдарламаларына белсене қатысады. «Сыбаға» бағдарламасы негізінде 416 бас ірі қара мал «Құлан» бағдарламасы бойынша 174 бас жылқы (жоспар 200 %-ға орындалды), «Алтын асық» бағдарламасы аясында 610 бас қой сатып алынды. «Ырыс» бағдарламасымен «Прекрасное» ШҚ (100 бас) және «Арна» ФҚ (50 бас) сүт фермасы құрылды. «Бабық Борлық» ЖШС-і негізінде 400 бас, «Гусаковка» ЖШС-інде 200 бас малға арналған мал семірту алаңы құрылды. «Арна» ФҚ негізінде асыл тұқымды ірі қара мал шаруашылығын күшейту мақсатында симментал тұқымды етті-сүтті 55 бас ірі қара мал алынды.

Біздің осындай қожалық иелеріне мемлекеттік бағдарламалар негізінде әр түрлі субсидиялар, түрлі қаржылық ұйымдар арқылы несиелендіру жүргізіледі. Ауданымызға жас мамандар да көптеп келуде. Оларды осында тұрғылықты орнықтыру үшін 29 маманға «Дипломмен – ауылға» бағдарламасымен баспаналы болу үшін 77,3 млн. теңге көлемінде бюджеттік несие берілсе, 43 маманға

жергілікті бюджеттен 6,0 млн. теңге көлемінде көтерме жәрдемақы берілді. Ауданымызда өндіріс жақсы қарқынмен дамуда, түрлі тауар айналым көлемі артуда. Бүкіләлемдік дағдарыс кезеңіне қарамастан, қайта өңдеу саласы өзінің өсу деңгейін көрсетуде. 2015 жылы ауданымызда 3415,0 млн. теңгенің өнімі өндірілді, ол өткен жылмен салыстырғанда 110,9 %-ды құрады. Солтүстік Қазақстан облысының индустриаландыру Картасы бағдарламасының негізінде биылғы жылы Лавровка ауылында «Компания Углежог» ЖШС-інің ағаш өңдейтін цехы қатарға қосылды.

Азық-түлік өнімдерін өндірумен 39 кәсіпорын шұғылданады. Бізде 8 диірмен, макарон өндіретін 3 цех, 4 жартылай өт өнімдерін өндіруші цех, кондитерлік цех, 2 сүт өнімдерін қайта өңдейтін цех жұмыс істейді, жыл сайын наубайханалар іске қосылып отырады. Басты қажетті тағам - нан бағасын көтермеу үшін әрбір ауылдық округта өзінің наубайханасы болуын қамтамасыз етеміз. Тәуелсіздік күні қарсаңында Имантау ауылында заманауи жабдықталған наубайхана мен тандыр нанның екі түрін шығаратын тандыр нан цехы іске қосылды.

Жалғасы 2-бетте.

## Мереке мезеті



### Жаңажылдық мереке



**Жаңа жыл – балалардың асыға, шынайы ғажайып, сыйлықтарды күтетін мерекесі. Бұл күні бала біткен мез-мейрам болса, ересектер «ескі жыл есіркеп, жаңа жыл жарылқасын» деп кең дастарқан басында жүрекжарды тілектерін айтатын айрықша күн.**

**26-ы желтоқсан күні жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернатында Президенттік Жаңажылдық шырша болып өтті.**

Ертегі кейіпкерлерінің қойылымдарымен басталған мерекелік шыршаға жиналаған тәрбиеленушілер Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың құттықтауын теледидардан тыңдап, үлкен бір серпіліс алғандай болды.

Жаңажылдық шыршаның шамы жағылысымен жүрек жылуын күтетін балаларды аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров Жаңа

жылмен құттықтап, балаларға зор денсаулық, ашық аспан, оқуларында озат болуларын, тек қуанышпен жақсылық тілеп, облыста өткен Президенттің Жаңа жылдық шыршасынан киім үлгісі бойынша бас жүлдені иеленген «Тәуелсіздік ханшайымы» киімімен Ангелина Шульгина мен «Корольдіктің кішкентай сыйқыршысы» киімімен Виктор Чабандарды (суретте) құттықтады.

Әр топ отбасыларының демәушілері де балаларды құттықтап, Жаңа жылдық сыйлықтарын табыстады. Кеште балалардың шаттық пен махаббат толы жүректерінен шыққан жылы лебіздері мен әң би шашулары жалғасын тапты.

Кеш соңы балалар аудан басшысы атынан сыйға тарту етілген тәтті торттар мен тәттілерге толы дастархан басында жалғасты.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.  
Суретті түсірген автор.



Біздің сұхбат

Жаңа уақыт жаңа міндеттер жүктейді

**Жалғасы. Басы 1-бетте.**  
Кәсіпкерлікті дамыту сәтті қарқын алып келе жатыр. Ауданда шағын және орта бизнестің 1505 өкілі өз жұмыстарын жүргізуде. Кәсіпкерлердің арқасында жаңа туристік нысандар, заманауи дәмханалар, дүкендер, етсүрлеу цехы, сұлулық салондары мен шаштараздар, ТҚС, ағаш қалдықтарын өңдейтін цех, наубайханалар, тынығу орталықтары, қызмет көрсету саласы кеңейіп және жақсарып келе жатыр. Аталмыш жобалар мемлекеттік субсидияландырумен, старт-ап бойынша қаржыландыру («Ludmila ЖШС») және кепілдік бойынша («Корасев» ЖК) «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жүзеге асып отыр.

Айтпақшы, ауданымызда екі отбасы құс өсірумен айналысады, бұл өте қызықты және тез меңгеріп кете алатын жоба. Біз бастысына қол жеткіздік – халықты кәсіпкерлік бастамаларды жүзеге асыру жоспарына қоса білдік. Жаңа кәсіпорындардың ашылуымен қатар, азаматтардың тұрақты жұмысқа орналасу мәселелері шешіледі.

**- Біздің ауданымызда тұрғын үй құрылысы мен жолдарды жөндеу ауқымды тақырыптардың бірі. Өткелі тұрған жылдар ішінде қандай жұмыстар атқарылды және алдағы уақытқа қандай өзгерістер жоспарлануда?**

- Биыл Тұрғын үй құрылысына жеке құрылыс есебінен 135,1 млн. теңге бөлінді, 3970 ш.м. тұрғын жайдың құрылысы басталды, яғни 25 пәтер. 5 ауылдың үлкен жоспары қаралу үстінде. Қазіргі таңда баспанаға мұқтаж 750 азамат бар, сондықтан да біз үшін коммуналды тұрғын үйлер құрылысы өте өзекті мәселе болып табылады. Дағдарыс кезеңі біздің бұл мәселені шешуді аздап қиындатып жіберді, алайда біз түйткілді мәселені шешудің жолын жеке инвестицияны пайдалана отырып «Бәйтерек» бағдарламасымен табамыз. 2016 жылы тұрғын үй мақсатында жеке кәсіпкердің жеке инвестициясы есебінен 3 қабатты ғимараттың құрылысы басталмақ. Оның үстіне, біздің ауданымызға келіп жатқан азаматтар саны да көп, тұрғындар санын арттыру мақсатында республикамыздың оңтүстік аймақтарынан азаматтарды көшіру жүргізілуде.

2015 жылы облыстық маңызы бар жолдарды жөндеу мақсатында республикалық және облыстық бюджеттен 841,9 млн.теңге бөлінді. Осы қаржыға күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Осы жылы «Аймақтарды дамыту» бағдарламасының аясында ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу бойынша Саумалкөл ауылындағы Янко көшесіне 27,9 млн.теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Алдағы жылы «Лавровка – Горное» бағытындағы жолдың жөндеуін аяқтағалы отырмыз және «Лобаново – Арықбалық», «Еленовка – Чистополье» бағыттарындағы жолдарға жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Үнемделген қаржы көзінен Новоширмадан Саумалкөлге кіреберіс жолдары жөнделетін болады. Сондай-ақ, Саумалкөлдің үш көшесіне жөндеу жұмыстары жоспарлануда және Арықбалық пен Сырым-бер ауылдарындағы көшелерді жақсарту көзделуде.

**- Соңғы жылдары Саумалкөлдің ішкі келбеті айтарлықтай өзгерді, өзге ауылдық округтер аудан орталығының деңгейіне жетуге талпынуда. 2016 жылға қандай жоспарлар құрылуда, экономикалық қиын ахуал жаңа жоспарларды жүзеге асыруға кедергісін келтірмей ме?**

- Әлемді жайлаған жаһандық дғдарыс, әріне, біздің еліміздің экономикасына да, әрбір жеке азаматтарға да әсерін тигізуде. Десек те, көптеген мәселелерден шығудың жолын бізге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Жолдауында, бағдарламалық құжаттарында заңнамалық базасы жетілдіруде көрсетіп берді. Ұзақ мерзімді жоспарламаларда өзін жақсы ұсына білді. Жылдың ортасынан бастап біз міндетті түрде жаңа жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін ойланатын боламыз. Аудан әкімдігінің мамандары потенциалды, жұмысын жүргізе білетін кәсіпкерлермен кездесіп, оларға қажетті құжаттарын рәсімдеуге, жобаларының қызметі басталғанша бірге жұмыс жасайтын болады. Яғни, біз осылайша алдағы жылдарға дайын боламыз. Қазіргі таңда ауданымызға жаңа өң беретін және жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық және өндірістік бағыттағы 10 нысанның құрылысы жүруде.

Келер жылы жаңа шұжық шығаратын цех, кезінде үлкен танымалдылыққа ие болған ірімшік жасайтын цех, жаңа мейрамхана мен қонақ үй кешендері, элеваторлар іске қосылады. Отбасылық түрдегі дүкендер филиалын ашуға жоспарлаудамыз. Қуантатыны, кәсіпкерлеріміздің әлеуметтік түйткілдерді шешуге белсе-не араласып отырғандығы. Мемлекеттік-жеке серіктестік есебінен барлығының шешімін табуға болады. Мысалы, ауданымыздың құрметті азаматы, жеке кәсіпкер Идрис Кузахметов 2016 жылы Имантау ауылында 60 орынды балабақшаның құрылысын бастамақшы.

Биылғы жыл секілді, келесі жылы да мал шаруашылығын дамыту мақсатындағы «Сыбаға», «Құлан» және «Алтын Асық» бағдарламалары мен «Жұмыспен қамтудың Жол картасы – 2020» бағдарламасымен шағын несие беру, «Бизнестің Жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдау жүзеге асырылатын болады.

2016 жылы республикалық бюджеттен баспана алу мақсатында 12 маманға 38,2 млн.теңге бөліну қарастырылуда, ал 32 маманға 4,7 млн. теңгеге көтерме жәрдемақысын беру жоспарлануда.

Жалпы айтқанда, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет пен спорт салалары жылды жоғары деңгейлі нәтижемен аяқтауда. Инвестиция жоспарымен көптеген шаралар жасалуда, өздеріңіз білетіндей, БАӘ, Швеция мен Венгриядан келген делегация мүшелері біздің ауданымыздың даму перспективаларына қызығушылық танытты. Ауданымызда 2015 жылдың атаулы да-таларына арналған көптеген іс-шаралар өткізілді: Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы.

Алдағы жыл да біз үшін сәтті болар деп ойлаймын, оның үстіне біз Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын атап өтпектіз. 2016 жыл ауданымыздың әрбір тұрғынының от-басына жетістік, тұрақтылық және бар жақсылық әкелсін деп тілеймін! Бізде потенциал жеткілікті, сондықтан да күш-жігерімізді біріктіре отырып, жақсы жетістіктерге жетігу тиістіміз!

**- Мазмұнды сұхбатыңызға көп рахмет! Сұхбаты жүргізген Ирина БУРКОВСКАЯ. Аударған Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.**

Мереке

Жасыл шарша жанында

**Желтоқсанның 23 жұлдызында ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде аудандық кітапхананың балалар бөлімімен бірлесе ұйымдастырған мүгедек балаларға арналған Жаңа жылдық шырша мерекесі өткізілді. Шыршаға әр түрлі жастағы 36 бала қатысты.**

балаларға ерекше көңіл-күй сыйлап, бірге ән айтып, би билеп, олардың өнерлерін тамашалады. Бір кем дүние дегендей, денсаулықтарында сәл ақаулары болмаса, бұл балалардың өзге балалардан еш айырмашылығы жоқ. Жаңа жылға ар-нап айтқан тақпақтары мен тілектері қабыл болғай. Жасыл шыршаны айнала билеп, жүгіріп бұл ортада өздерін емін-еркін



Құттықтау сөз сөйлеген аудан әкімінің орынбасары Мафруза Науанова балалар мен ата-аналарды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, келе жатқан мешін жылы еліміз үшін тек жақсылық, береке-бірлік, бақыт және денсаулық алып келсін деген жүрежарды лебізін жеткізе келе, аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы атынан балғындарға тәттіге толы жаңажылдық сыйлықтар үлестірді.

Өз кезегінде сөз алған «Қамқор» мүгедектер қоғамының Айыртау аудандық филиалының төрағасы Петр Барков жиналған барша қауымды Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

«Аяз ата мен Ақшақардың оқиғасы» атты бейнеролик түсіріліп, балалардың назарына ұсынылды. Осы бейнероликтен кейін шырша жанына келген Аяз ата мен Ақшақар

сезініп жүрген балғындардың тұңғыш жүздеріне қарап, ата-аналар мен аталған мекеме қызметкерлерінің шыдамдылығы мен жүректерінің жұмсақтығына риза боласын.

Мерекелік шара барысында ата-аналар осы мекеменің басшылығына және қызметкерлеріне деген алғыстарын жеткізді.

Шараның соңында ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ерлан Қазбеков ата-аналар мен балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, елімізде тек шуақты күндер болып, әрбір шаңырақта бақыт пен шаттық, қуаныш болып, балаларымыздың денсаулығы мықты болсын деген тілегін жеткізді.

**Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА. Суретті түсірген Наталия ЕРЕМЕНКО.**

Аудандық мәслихатта

Аудан бюджеті бекітілді

**25 желтоқсан күні аудандық мәслихаттың депутаты Навои Сердалинің төрағалығымен аудандық мәслихаттың XXXIV кезекті сессиясы болып өтті.**

Сессия жұмысының күн тәртібінде ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Марал Рамазанованың «2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы», ауданның кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Гүлмира Әбілқайыарованың «Ауданда кәсіпкерлікті дамыту туралы» және сонымен қатар ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіп кешені мамандарына 2016 жылға тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін несие беру туралы, Айыртау ауданы ауылдарының бас жоспарларын бекіту туралы, аудандық мәслихаттың бірқатар шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселелер қаралды.



Сессияда депутаттар 2016-2018 жылдарға арналған аудан бюджетіндегі 2016-2018 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы мәселелерді қызу талқылады. Сонымен бірге баяндамашы көзделген шығыстардың негізгі бағыттарына, сондай-ақ 2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет ауқымында іске асыру жоспарланған жаңа іс-шараларға жан-жақты тоқталды.

Аудандық мәслихаттың депутаты Александр Гладкий баяндамашының ақпаратына оң бағасын бере келе, халық қалаулылары ұшжылдық бюджетті бірауыздан қолдады.

Сессия күн тәртібіне енгізілген басқа да мәселелерді талқылап, тиісті шешімдер қабылдады.

Сессияның қорытындысында аудан әкімі Ағзам Тастеміров сөйлеп, үстіміздегі жылдың қорытындыларына тоқталды. Одан ауданымыздың экономикалық көрсеткіштері биыл да жоғары болып отырғанын көре аламыз.

Сессия соңында аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы «Құтузовка-Әліби» ЖШС-нің директоры Владимир Казаркинге қараша айындағы аудандық мәслихаттың шешімімен бекітілген «Айыртау ауданының Құрметті азаматы» атағын төсбелгісің, лентасын және куәлігін табыстады.

Ал аудандық мәслихаттың хатшысы Раушан Тлеубаева жыл басында аудандық мәслихат депутаттарының бастамасымен Қазақ хандығының 550 жылдығына және ұлы ғалым, этнограф, саяхатшы Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығына орай өткізілген жалпы білім беретін 9-11 сынып оқушылары арасындағы аудандық шығармалар байқауының қорытындысын жариялады. Жалпы мектепшілік байқауға 1316 оқушы қатысса, аудандық турға 42 оқушының жұмыстары өткен. Солардың ішінен жүлделі I орынға Дәуқара орта мектебінің 10 сынып оқушысы Айғаным Асығатованың жұмысы лайық деп танылса, II орынға №1 Саумалкөл орта мектебінің 9 сынып оқушысы Малика Кузьмина ие болды, ал жүлделі III орынды Мәдениет орта мектебінің 11 сынып оқушысы Туғанай Қапқаманова өңшiledі.

Байқау жеңімпаздарына арнай диплом мен ақшалай сыйлықтарды ауданның Құрметті азаматтары, аудандық мәслихаттың депутаттары Навои Сердалиң, Владимир Казаркин және Сырымбет Есенғалиевтар табыс етті.

**Бағлан ҚОЖАҚОВ. Суретті түсірген Ирина БУРКОВСКАЯ.**

Ресми бөлім

Аудан әкімдігінің отырысы

**Желтоқсанның 25-нде аудан әкімдігінің кезекті отырысы болып өтті. Отырысқа аудандық мекемелер мен ұйымдардың басшылары, ауылдық округ әкімдері, атқарушы органдардың басшылары қатысты.**

Ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Туғанай Бейсембаева 2015 жылдың қорытындысы туралы өз баяндамасында салауатты өмір салтын насихаттауда және ұстануда ауданымыздың спортшылары жеткен жетістіктерге барынша тоқталып өтті. Заманауи стандартты қалыптауға сай болу үшін жаңа спорт нысандарын салу, спорттың материалдық-техникалық базаларын жетілдіру мақсатында жасалып жатқан жұмыстарды кеңінен баяндады.

Ауданда жазғы және қысқы мезгілдерге дайындалып жатқан 231 спорттық нысан бар. Аудан бойынша 46 спорт зал, 2 тир ату орыны, 4 кіріктірілген спорт зал, 2 шаңғы базасы, 34 хоккей алаңы, 137 жазық нысан (олардың 61 алаңай, 77 футбол алаңдары) бар.

Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын тұрғындардың саны бүгінгі таңда 12147 адамға жеткен. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде 412 тәрбиеленуші 34 топқа жинақталған. 16 жаттықтырушы-мүғалім қызмет жасайды, олардың 12-сі жоғары білімді мамандар. Мұнда спортшылар спорттың 7 түрі бойынша жаттықтырылады (жеңіл атлетика, еркін күрес, бокс, каратэ-кекушинкай, шаңғы тебу, футбол, шайбалы хоккей).

Сонымен қатар, аудан спортшылары облыстық спартакиадалар мен республикалық жарыстарда да жоғары жетістіктерге жетіп жүр. Осы жылы 7 спортшы спорт шеберлігіне үміткер нормативін орындады. Жазғы спартакиадаларда айыртаулық спортшылар облыстық «Жастар» спартакиадасында жалпыкомандалық есепте 4 орын, «Жұлдызша» спартакиадасында 4 орын, ұлттық спорт түрлерінен 4 орын иеленген. Осы жылы 40 жұл шаңғы мен 80 жүр қоныш сатып алынған және чпорттық нысандар саны хоккей алаңдарының есебінен 11 нысанға артқан.

Спортты дамыту – ұлтты дамыту, ұлттың болашағын дамыту болып табылады. Ауданымызда салауатты өмір салтын ұстану мен дамытуда барлық жағдай жасалған. Баяндамаларды тыңдай келе аудан басшысы Ағзам Тастеміров Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жұмысын бақылауда ұстап, оқушларды спортпен айналысуға баулып, осы саладағы жетістіктерді нығайту керектігін баса айтты.

Атқарылған жұмыстардың қорытындысы жайында аудан әкімінің жалпы мәселелер бойынша құрылымдық бөлімінің жетекшісі Анар Шалабаева ауданның атқарушы органдарына жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардан келіп түскен арыз-шағымдар мен өтініштер жайында ақпарат беріп өтті.

2015 жылы аудан әкімі аппаратына 503 арыз-шағымдар мен өтініштер келіп түскен, олардың 297 жазбаша 206 ауызша. Барлық шағымдар белгіленген мерзімді қаралып, жауаптар қайтарылған. 239-ы қанағаттандырылған, 264-не түсініктеме берілген. Жеке сұрақтарымен аудан әкіміне, аудан әкімінің орынбасарларына, әкімдік аппаратының жетекшісіне 206 азамат қабылданған. Ауылдық округтер бойынша 767 арыз-шағымдар мен өтініштер келіп түскен. Барлық шағымдар уақытында қаралған. Сырымбет ауылдық округінде 2 шағым мерзімінен кеш қаралған. Негізінен мұндай арыз-шағымдар мен өтініштер жерді пайдалану, жолдарға байынсты, әлеуметтік және зейнетақылық қамтамасыз ету, құжаттандыру мәселелерін қамтиды.

Отырыста барлық мәселелер қаралып, сәйкесінше қаулылар қабылданды. **Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.**

Қоғам және заң

## Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінде Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті

Ең алдымен Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі басқармасы бөлімінің бастығы А.Т.Мұқановтың ақпараты тыңдалды. Мемлекеттік органдардың халықпен қарым-қатынас жасаудағы ашықтығы, азаматтардың ауызша өтініштерімен жұмыс, сенім телефондарының әрекет етуі сынды өзекті мәселелер қарастырылды.

Осы орайда жергілікті атқарушы органдарға арыздармен жұмыс жасау сапасын арттыру және бақылауды күшейту, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету туралы бірқатар ұсыныстар жасалды. Ал сынға ілікпеу мақсатында ауызша және сенім телефондары арқылы жасалған өтініштерді де қабылдау жөнінде тапсырма жүктелді.

Келесі болып, экология саласындағы мемлекеттік қызмет көрсетудің өзекті мәселелері туралы Экология департаменті мен Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы өкілдерінің ақпараты тыңдалды. Мұнда, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарын ресімдеу, сонымен қатар олардың қолданыстағы нормаларға сәйкес қызмет етуі мәселелері қаралды.

Нәтижесінде тиісті орталық ведомстволарға мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді өзгерту бойынша ұсыныстар әзірленіп, мемлекеттік органдарға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыстарды қатайту жөнінде іс-шаралар қабылдап, экология саласындағы стандарттарды қатаң ұстану жөнінде тапсырма берілді.

Ал кәсіпкерлер құқықтарының бұзылуын болдырмау үшін шаруа қожалықтарымен салықтық есептемелерін жүргізуі мәселелері талқыланды. Аталған мәселе бойынша Кәсіпкерлер палатасы мен Мемлекеттік кірістер департаменті Камералды бақылау басқармасының өкілдері сөз сөйледі.

Сондай-ақ, салық нормаларын шектеуді болдырмау мақсатында және мәселені құқықтық реттеу бойынша Мемлекеттік кірістер комитеті, Облыстық прокуратура, СҚО Кәсіпкерлер палатасына бірқатар ұсыныстар жолданды.

Өңіріміздің Мемлекеттік кірістер департаментіне, кәсіпкерлер қауымына салық заңнамасының нормаларын түсіндіру және салықтық есептемелерді ұсыну бойынша



жұмыстарды жүргізу, Кәсіпкерлер палатасымен байланыс орнату ұсынысы жасалды.

Жолаушылар тасымалын ұйымдастыру және олардың орналасу ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету туралы ақпаратымен Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары С.М.Мұхамедиев баяндама жасады.

Жолаушылар тасымалымен айналысатын бағыттарға конкурстарды ашық өткізуді қамтамасыз ету, конкурстық құжаттарды қарау сапасын арттыру, тасымалдаушылардың қауіпсіздік техникасын ұстанулары және қызметтерін сапалы көрсету бойынша ұсыныстар қабылданды.

Мемлекеттік қызмет істеру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттандыру және жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасау бөлімінің басшысы Н.С.Жахиң, сыбайлас жемқорлық сипаттарына мүлдем төзбеушілікті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды көздейтін Ынтымақтастық туралы ашық көлісім жайында айтып берді.

Департамент өкілі ашық көлісімнің негізгі мақсат-міндеттеріне тоқталып, Кеңес мүшелерін қазіргі уақытта осы көлісім аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша қоғамдық ұйымдарды жұмылдыру жөніндегі жұмыстар жайында ақпараттандырды. Бұған қоса, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны жүзеге асыру бойынша облыстық іс-шаралар жоспарын орындау маңыздылығы да атап өтілді.

Отырыс қорытындысы бойынша кеңес жұмысының 2016 жылға арналған жоспары қарастырылды.

**Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің баспасөз қызметі.**

Аудандық әкімдікте

## Жемқорлықпен күрес, балаларды қорғау - ортақ парызымыз

Желтоқсанның 25-і күні аудандық әкімдіктің мәжіліс залында аудан әкімі Ағзам Тастеміровтің төрағалығымен Айыртау ауданында сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері бойынша Аймақтық комиссиясының кезекті отырысы болып өтті. Алқалы жиынға жергілікті атқарушы органдардың басшылары мен өкілдері, комиссия мүшелері, сондай-ақ ауылдық округ әкімдері қатысты.

Жиналғандар назарына ұсынылған күн тәртібінде қарастырылған бірінші сұрақ – сыбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылықтың алдын алуды жақсарту, сыбайлас жемқорлықпен күрестің тиімділігін жоғарлату бойынша жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету төңірегінде болды. Бұл бағытта ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Марал Рамазанова ақпарат берді.

Баяндамашының мәліметі бойынша ауданның атқарушы органдарымен мемлекеттік сатып алу процесі бойынша сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында ауданның мемлекеттік органдарының мемлекеттік сатып алумен айналысатын есепшілері оқыту курстарынан өткен. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында бюджеттік қаражаттың игерілуі үнемі бақылауда екенін де баса айта өтті.

Осы мәселе төңірегінде Украин ауылдық округінің бас маманы Қалима Жаналинова мен Арықбалық ауылдық округінің әкімі Қалымтай Шараповтар да округ аумақтарында сыбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған шаралары жайында баяндады.

Отырыс соңында аудан басшысы көтерілген мәселе төңірегінде ауданның атқарушы органдарының басшылары мен ауылдық округтердің әкімдеріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде тапсырмалар берді.

\* \* \*

**Осы күні аудан басшысының төрағалығымен аудан әкімдігінің жанындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның да отырысы болды.**

Комиссия отырысында ауданның ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары Әбілғазы Ғабдуллиннің «Ауданда жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің

алдын алу шаралары түрлерін жетілдіру туралы», ауданның білім бөлімінің басшысы Сайрамбек Жақыпов пен аудан әкімінің жастар саясаты бойынша кеңесшісі Әсет Қожахметовтардың «Жастар мен кемелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтар мен қадағалаусыздықтың алдын алу туралы» және Сырымбет ауылдық округінің әкімі Дулат Сүлейменов пен Гусаковқа ауылдық округінің іс жүргізу бойынша бас маманы Елена Сушенколардың «сырымбет және Гусаковқа ауылдық округ әкімдерімен сәйкес ауылдық округ аумағында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша қабылданған шаралары туралы» ақпараттары талқыланды.

Отырыс барысында ата-аналар да бала тәрбиесі отбасынан бастау алып, өскен ортасында қалыптасатындығын тілге тиек етіп, балалардың жарқын болашағы үшін бірлесіп істеудің маңыздылығын айтылды.

Келесі кезекте аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Әбілғазы Советұлы әрбір адам үшін отбасы басты байлығы екендігін айта келе, қазіргі таңда жанұялар арасында кездесетін келеңсіз жәйттерді ауызға алды. Оның ішінде біздің аудандағы жайысыз отбасылар саны, бұл отбасылардағы жалпы мәдениет деңгейі, мұндай жанұяларда өсіп келе жатқан жасөспірімдердің психологиялық жағдайы, қылмыстық іс-әрекеттер, балалардың құқығын қорғау жолында аудан прокуратурасы, аудан әкімдігінің білім бөлімі және мектеп ұстаздарымен бірлесіп ұйымдастырылған алдын-алу шаралары туралы толық мәлімет беріп өтті.

Ауданның білім бөлімінің басшысы Сайрамбек Кәрібайұлы білім беру мекемелеріндегі кемелет жасқа толмаған жасөспірімдердің жайсыз отбасылары, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен және тұрмысы қолайсыз отбасыларын анықтау мақсатында атқарылған шаралармен таныстырып, бұл топтағы оқушылармен мектеп психологтары, жалпы ұстаздар тарапынан жүргізілген жұмыстарды атап өтсе, аудан әкімінің жастар саясаты жөніндегі кеңесшісі Әсет Қожахметов жастар – кемел келешек бастауы екендігін, сондықтан олардың тәлім-тәрбиесіне ау-бастан көңіл бөлу қажеттігін, бұл ретте мектеп пен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас нығая түсуі басты талап дей келе, психологтарға жүктелер міндеттерге тоқталды.

Ал Сырымбет және Гусаковқа ауылдық округтеріндегі құқықбұзушылықтың алдын алуы жөніндегі жұмыстар да пысықталды.

**Бағлан ҚОЖАҚОВ.**

Мұз қалашық

## ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ ОРТАҚ...

Қыс келсе, Жаңа жылды асыға күтеміз. Ал Жаңа жылды шыршасыз елестету мүмкін емес. Себебі, шырша – Жаңа жылдың символы. Ал шыршаларды түрлі ойыншықтарсыз көру, қуаныш сезімін сыйлай алмайтын секілді.



Сол сияқты, орталық алаңда тұрған бас шырша ойыншықтарға малшынып тұрса да, алаңды айнала жан-жағынан қаумалап тұрған ертегі кейіпкерлерін және басқа да мүсіндерді жоқ деп елестетсек, онда бас шыршамыз жалғызсырап тұрғандай көрінеді.

Аудан әкімдігінің бастамасымен жыл сайын ерекше қарқынмен басталып, ерекше сипатпен аяқталатын мүсіндер салу құрылысы орталығымызға ерекше сән беріп тұрғандығын баса айтқанымыз жөн болар. Енді сол өткен-кеткен жүргініштер мен алаңның екі жағында орналасқан сырғанаққа ойнауға келген балаларға өзгеше көңіл-күй сыйлап, тамсандырып тұрған мүсіндерге тоқталсақ. Онда ертегілердің және қазіргі заманғы мультфильмдердің кейіпкерлері бейнеленген. Бұл мүсіндердің арасынан балалар өздерінің сүйікті қаһармандарын «кездестіріп», олармен бірге суретке түсуде. Ең бастысы - балаларға ұнайды. Бұл дегеніміз өткен еңбек пен төккен тердің өтелгені.

Әрбір мүсіннің иесі, яғни авторы бар. Олардың әрқайсысы белгілі бір мекеменің жауапкершілігімен салынған болса, игілігі аудан тұрғындарына тиесілі.

Қазақта мынадай бір жақсы сөз бар, шешеннің сөзі алтын, шебердің қолы алтын. Өте тамаша айтылған. Мұндай теңеулер, мұндай қанатты сөздер сан ғасырлық тарихы бар халқымыздың сары майдан қыл суырғандай етіп сөйлейтін шешендер мен саусағы тиген жұмысты айнадай жылжыратып, ерекше көрік берер шеберлерге қаратып айтылғаны да заңды секілді.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін, ауданымыздың орталық алаңында орналасқан мұз қалашықтың мүсіндерін аралағанымызда көзімізге балалық шақтың әдемі сәзімдерін әкелген «Маугли» атты композицияның авторы, Саумалкөл қазақ орта мектебінің Алғашқы әскери дайындық және сызу пәндерінің мұғалімі Жұмағазы Садықов жайлы әңгіме қозғағалы отырмыз.

Жұмағазы Қабылқажұлы бұрынғы Семей облысы, Ақсуат ауданының тумасы. Семей құрылыс саласындағы дизайн училищесің, Көкшетау индустриалды-педагогикалық өнеркәсіп және азаматтық құрылыс техникумын және Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін бейнелеу өнері, сызу мамандығына тәмамдаған. Қазіргі таңда 16 жылдық тәжірибесі бар ұлағатты ұстаз. Шебер қолды Жұмағазы Садықовтың қолынан шыққан мүсіндер, жалпы қолөнер туындылары мектеп ауласын абаттандыру кезінде орнатылған. Жыл сайын орталықта бой көтеретін мұз қалашықта да шебер-ұстаздың мықты фантазияға құрылған көз тартар композициялары қойылады. «Мен үшін бастысы қолымнан келетін істі тап-тұйнақтай етіп орындау, егер де менің қолымнан шыққан бұйымдар өзгелерге маңызды болса, көпшілікке жақсы көңіл-күй сыйлар болса, мен де аянып қалмаймын. Жаңа жыл мерекесіне барлығымыз ерекше дайындаламыз. Менің дайындығымның бір бөлігі – осы мүсіндерім. Жыл сайын түрлі мүсіндер орнатып, оларды әдемі салу мен үшін бір ганибет. Осы сәтті пайдалана отырып, мен барша Айыртау халқын Жаңа жыл мерекесімен құттықтағым келеді. Әрбір айыртаулыққа қызық, қуаныш, бақыт пен шаттық, денсаулық тілеймін», – дейді «Мауглидің» авторы.

Шәкіртсіз ұстаз тұл демекші, Жұмағазы Қабылқажұлының шеберлігіне қызығып, болмаса да ұқсап бағуға тырысып, жолын қуып, өз бойларындағы тума таланттарын аша білген шәкірттері де жоқ емес. Олар – Мырзахметов Өмірбек – ди-зайнер, Саумалкөл қазақ орта мектебінің технология пәнінің мұғалімі. Қазбеков Ернар – Омбы қаласында өткен суретшілер байқауының жеңімпазы, бүгінгі таңда жеке кәсіпкер. Жігіров Нұрсұлтанбек – Саумалкөл қазақ орта мектебінің 9 сынып оқушысы.

Өзін үлгі тұтып, бойындағы қандай да бір қасиетін өмір жолына бағдар етіп ала білген шәкірттері бар ұстаз – бақытты. Біз де өзінің таланты арқылы өзгелерге қадірлі бола білген Жұмағазы Қабылқажұлына отбасына амандық, қызметте табыс, шеберліктің шыңына апарар шығармашылық өрлеу тілейміз.

**Мақпал СЕРІКБЕКҚЫЗЫ,**  
**Суретті түсірген автор.**

Мереке қарсаңында

## Бостандық арзанға түспейді

**Жаңа жыл – армандар мен тілектердің орындалатын күні. Біз бұны балалық қиял деп түсінетінбіз. Алайда бұл мерекенің ересектердің де өмірлеріндегі армандары мен тілектерін орындағанының куәсі болдық. Сондықтан да, қаншама жылдан бері бұл күннің маңызы жойылмай келе жатқан болар.**

24 желтоқсан күні ЕС-164/8 мекемесінде жазасын өтеп жатқан азаматтардың төртеуі салтанатты түрде бостандыққа шығарылды.

Жазасын өтеушілер А.О. Осыка, Д.Ю. Евдокимов, А. Б. Ермошкин, А.В. Брух шартты түрде мерзімінен бұрын босатылды.

Салтанатты рәсімде осы мекеменің басшысы, әділет полковнигі Александр Кочкин

бостандыққа шыққалы тұрған азаматтарға алдағы уақытта өмірлерінде тек жарқын күндер болып, дұрыс бағытпен жаңа өмір бастап, жақсылыққа ұмтылуларына тілектестік білдірді.

Сондай-ақ, осы мекеме басшысының режимді және оперативті жұмыстар жөніндегі орынбасары, әділет подполковнигі Сергей Соколовский, ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Маржан Жүсіпова, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының өкілі Нұрлан Рахпанов, Айыртау аудандық проба-ция қызметі бөлімінің басшысы, әділет майоры Марат Шабанов құттықтау сөз сөйледі.

Жауап сөз ретінде Алексей Брух бұл күнді осында отырған жазасын өтеушілердің әрбірі тағатсыздана күтетіндігін, алдағы уақытта тек қана жақсы жағдайлар мен қуаныштар болсын, Жаңа жыл бар адамның армандарын орындасын деп тілеймін деп аяқтады.

**Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,**

2016 жылға арналған Айыртау ауданы бойынша барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындар алдындағы есеп беруінің жүйелік кестесі

| Әкім есебі             | Қаңтар                                                                        |                                                                |                                                                                 |                                                            |                                                                            |                                                           |
|------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|
|                        | 14 бейсенбі                                                                   | 15 жұма                                                        | 16 сенбі                                                                        | 18 дүйсенбі                                                | 19 сейсенбі                                                                |                                                           |
| Ауылдық округ әкімдері | Антоновка а/о, Комаровка а., Ақан-Сері ауылы, НМ ғимараты, сағ. 11.00         | Антоновка а/о, Заря а., (Жұмысшы а.,) ОМ ғимараты, сағ. 11.00  | Антоновка а/о, Лавровка а., ОМ, сағ. 11.00                                      | Антоновка а/о, Уголки ст., Диспечерлік ғимарат, сағ. 11.00 |                                                                            |                                                           |
|                        | Арықбалық а/о, Қарасай Батыр а, ОМ ғимараты, сағ. 11.00                       | Арықбалық а/о, Ағынтай Батыр а, ОМ ғимараты, сағ. 11.00        | Арықбалық а/о, Горное кенті, клуб, сағ. 11.00                                   | Арықбалық а/о, Целинное с., БМ, сағ. 11.00                 | Арықбалық а/о, Баян с. НМ, сағ. 11.00                                      |                                                           |
|                        | Володар а/о, Новоукраинка а., ОМ, сағ. 15.00                                  | Володар а/о, Галицино а., бұрынғы БМ, сағ. 11.00               | Володар а/о, Воскресеновка а., НМ, сағ. 11.00                                   | Володар а/о, Красногорка а., жеке үй, сағ. 11.00           | Володар а/о, Орловка а., (Копя а.), БМ, сағ. 11.00                         | Айыртау а., «Айыртау Алиби» ЖШС, мәжіліс залы, сағ. 15.00 |
|                        | Гусаковка а/о, Береславка а., клуб, сағ. 11.00                                | Гусаковка а/о, Корсаковка а. БМ, сағ. 11.00                    | Гусаковка а/о, Новосветловка а., ОМ, сағ. 11.00.                                |                                                            |                                                                            |                                                           |
|                        | Елецкий а/о, Колесниковка а., жеке үй, сағ. 11.00                             |                                                                | Елецкий а/о, Айыртауское а., (Междоузерное а.)Орман шаруаш. кеңсесі, сағ. 11.00 |                                                            |                                                                            |                                                           |
|                        | Имантау а/о, Цуриковка с., Н.Ш.Чекушеваның жеке үйі, сағ. 11.00               | Имантау а/о, Верхний Борлық а., НМ, сағ. 11.00                 |                                                                                 |                                                            |                                                                            |                                                           |
|                        | Казанка а/о, Бұрлық а., Орман шаруаш. кеңсесі, сағ. 11.00                     | Казанска а/о, Всеволодовка а., (Прекрасное а.), НМ, сағ. 11.00 | Казанка а/о, Никольское Бурлукское а. клуб, сағ. 11.00                          | Казанка а/о, Никольское а., НМ, сағ.11.00                  | Казанка а/о, Аксеновка а., ОМ, сағ. 11.00                                  |                                                           |
